

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ҚР Экология кодексінің (96-бабы) талаптарына сәйкес 2026 жылғы 16 наурызда сағат 10:00-де «Атырау облысындағы Құрлық кешені үшін 2026 жылға әсер етуге берілген экологиялық рұқсатты жаңартуға өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өтеді

**Учаскенің географиялық координаттары:** 47°15'19.980", 52°21'43.294".  
**Әсер ету аумағының географиялық координаттары:**  
Оңтүстік - 47°11'05.40", 52°31'13.20". Батыс - 47°14'13.94", 52°22'29.23".  
Солтүстік - 47°18'19.14", 52°33'18.98". Шығыс - 47°13'37.25", 52°35'03.62".

**Өтетін орны:** Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.ә., Доссор кенті, Ф. Сүлейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі».

**Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:**  
<https://zoom.us/j/94565456482?pwd=a7aC6llw0PmR4KaswUi9aR8RaCbJHc.1>

**Конференцияның идентификаторы:** 945 6545 6482, кіру коды: 246651

**Бастамашы:** НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 74 14

**Әзірлеуші:** «ЭКО-Астана НР» ЖШС

**Мекенжайы:** Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 58/1, 10-кеңсе.

**эл. адрес:** manager@ecoastana.kz

**телефон:** +7(7172) 33 04 37

«ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС

**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 40.

**эл. адрес:** info@ecoexpert.kz

**телефон:** +7(7212) 42 56 17

«Sustainable ecology development» ЖШС

**Мекенжайы:** Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3.

**эл. адрес:** sed@sed.kz

**телефон:** +7(7272) 47 23 23, +7(7272) 47 26 26, +7(7272) 47 26 36

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауға болады (Атырау к., Әйтеке би к., 77): [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru), [atr\\_priroda@atyrau.gov.kz](mailto:atr_priroda@atyrau.gov.kz)

**ЖАО сайтына сілтеме:** <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk>

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен +7 (7122) 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

## ТҮРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ ҚАЛАЙ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ?

Аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 16 сәуірдегі №86 – VIII «Мақат ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» шешіміне сәйкес бір мекенжайда тұратын көмелет жасқа толған отбасы мүшелері табыстарының 5%-нан, тұрғын үйдің коммуналдық шығындары жоғары болса, ортасындағы айырмасы тұрғын үй көмегі болып белгіленеді.

Тұрғын үй көмегі — бұл мемлекет немесе жергілікті атқарушы органдар тарапынан табысы төмен азаматтарға тұрғын үйге байланысты шығындардың бір бөлігін өтеу үшін берілетін әлеуметтік көмек.

Тұрғын үй көмегін алу үшін тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына сәйкес, тұрғын үй көмегін тағайындау үшін «электрондық үкімет» веб-порталы (egov.kz) арқылы өтініш беріп, оған төмендегідей құжаттар тапсырады:

Отбасының табысын растайтын құжаттар (жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама);

Балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

Банктік шоты;

Тұрғын үйді күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар (түбіртектер);

Коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар (түбіртектер);

Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы анықтама (немесе қызмет алушының атында үйі болуы қажет).

**Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**



Редакцияда облыстық «Атырау» және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық («Кең Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы») газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

Телефон: 3-07-66, 8778-482-17-55

## ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Құрметті үкіметтік емес ұйым өкілдері!

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес, үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі туралы мәліметтерді жыл сайын «ҮЕҰ Дерекқорына» ұсынуға міндетті.

Осы талапқа байланысты 2026 жылғы 10 қаңтар мен 31 наурыз аралығында Мақат ауданы аумағында қызмет атқаратын барлық үкіметтік емес ұйымдар «ҮЕҰ Дерекқоры» ақпараттық жүйесіне <https://kuc.kz/> интернет-ресурсы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып кіріп, ұйым туралы негізгі деректерді, қызмет бағыттарын, жүзеге асырылған жобалар мен қаржылық мәліметтерді электрондық форматта енгізуі қажет.

Аталған есепті белгіленген мерзімде ұсыну заңнама талабы болып табылады.

Белгіленген мерзімге дейін ақпарат ұсынбаған үкіметтік емес ұйымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін ескертеміз.

Осыған байланысты барлық үкіметтік емес ұйым өкілдерін есепті уақытылы тапсыруға шақырамыз.

**Мақат аудандық ішкі саясат бөлімі**

Қаперге!

## ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ

Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті хабарлайды, Салық кодексіне еңгізілген өзгерістерге сәйкес Сізге 2026 жылғы 28 ақпанға дейін оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін хабарламаны ұсыну қажет.

Хабарлама ұсынылмаған жағдайда сіз автоматты түрде жалпыға бірдей тәртіпке ауыстырыласыз. Хабарламаны келесі тәсілдермен ұсынуға болады:

Салық төлеуші кабинеті арқылы (ИСНА АЖ жүйесінде «Құжаттарды ұсыну» — «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» бөлімі);  
«E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» — «Жеке кәсіпкердің салық режимін ауыстыру»);



орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде;  
- Kaspi Bank қосымшасында («Мемлекеттік қызметтер» — «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

Қаперге!

## ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

Мұздағы қауіпсіздік ережелерін сақтау — өміріңізді сақтаудың кепілі. Сондықтан мұз үстінде өзіңізді қалай ұстау керектігі туралы негізгі нұсқаулықты назарларыңызға ұсынамыз.

**Мұздың қалыңдығын қалай анықтауға болады?**

-Мұзға шықпас бұрын оның түсіне назар аударыңыз: Көкшіл немесе жасылдау мұз - ең берік мұз болып саналады. Ал ақ түсті (күңгірт) мұз - беріктігі екі есе төмен, сақ болу керек. Сары немесе сұрғылт мұз - өте қауіпті! Бұл мұз кез келген сәтте опырылып кетуі мүмкін.

-Қауіпсіз қалыңдық көрсеткіштері: 1 адам үшін кемінде 7 – 10 см, топ болып жаяу жүру үшін кемінде 15 см, жеңіл автокөлік үшін кемінде 25 – 30 см болуы керек.

**Негізгі қауіпсіздік ережелері:**

Мұзды аяқпен теуіп тексермеңіз!

Мұздың беріктігін тек таяқпен немесе арнайы құралмен тексеру керек;

Түнде мұзға шықпаңыз! Көру мүмкіндігі нашар болғандықтан, ойықтарды немесе жарықтарды

байқамай қалуыңыз мүмкін;

Топпен жүргенде арақашықтық сақтаңыз! Адамдар арасында кемінде 5 – 6 метр қашықтық болуы тиіс;

Мас күйінде мұзға шықпаңыз! Алкоголь қауіпті сезу түйсігін төмендетеді және дене жылуын тез жоғалтуға әкеледі.

**Егер мұз астына түсіп кетсеңіз не істеу керек?**

Сабыр сақтаңыз, дүрбелеңге бой алдырмаңыз;

Деміңізді реттеңіз, жайлап, терең дем алыңыз;

Қолды жайыңыз! Су астына толық кетіп қалмау үшін қолдарыңызды мұз жиегіне кең жайып жіберіңіз;

Мұз үстіне шығу: Су ағысы бар жаққа қарай емес, өзіңіз келген жаққа (берік мұзға) қарай ұмтылыңыз. Кеудеңізбен мұзға жатып, аяқтарыңызды кезекпен

шығарыңыз;

Еңбектеңіз! Мұз үстіне шыққан соң бірден аяққа тұрмаңыз! Қауіпсіз жерге дейін еңбектеп немесе домалап барыңыз.

**Зардап шеккен адамға қалай көмектесуге болады?**

Абайлап, еңбектеп жақындаңыз (бірақ шетіне тым жақын бармаңыз);  
Ұзын таяқ, арқан, шарф немесе күртеңізді созыңыз;

Адамды судан шығарып алған соң, оны бірден жылы жерге жеткізіп, құрғақ киім кигізіп, ыстық шай беріңіз.

Құтқару қызметінің нөмірі — 112 нөміріне соғыңыз!

Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау — өз өміріңізді және өзгелердің өмірін қорғаудың ең қарапайым, бірақ ең маңызды жолы.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**



Коллаж авторы: Г. ЖАНСУЛТАН

Маман мінбері



## БОТУЛИЗМ – ҚАУІПТІ АУРУ

Ботулизм – сирек кездесетін, бірақ өте қауіпті жұқпалы ауру. Ол «Clostridium botulinum» бактериясы бөлетін уыттың әсерінен пайда болады. Бұл уыт жүйке жүйесін зақымдап, ауыр жағдайда тыныс алудың тоқтауына дейін әкелуі мүмкін. Сондықтан ботулизмнің алдын алу – денсаулықты сақтаудың маңызды бағыты.

Көбінесе ботулизм дұрыс дайындалмаған немесе сақталмаған тағамдар арқылы жұғады. Әсіресе үй жағдайында консервіленген көкөністер, саңырауқұлақтар, ет пен балық өнімдері қауіпті болып саналады. Оттегі жоқ ортада бактерия тез көбейіп, көзге көрінбейтін, иіссіз уыт бөледі. Тағамның сыртқы түрі қалыпты болып көрінгенімен, оның ішінде аса қауіпті токсин болуы мүмкін.

Алдын алудың ең басты жолы — тағам дайындау мен сақтаудың санитарлық талаптарын қатаң сақтау. Үйде консерві жасау кезінде ыдыстарды мұқият жуып, стерильдеу қажет. Консервілеу технологиясын бұзбау, жеткілікті температурада қайнату және қышқылдығы төмен өнімдерге ерекше сақтықпен қарау маңызды. Күмәнді, қақпағы ісінген немесе иісі өзгерген консервілерді ешқашан тұтынуға болмайды.

Дүкеннен сатып алынған дайын өнімдерге де назар аудару қажет. Жарамдылық мерзімі өткен, қаптамасы бүлінген немесе сақтау шарттары сақталмаған тағамдарды қолдану ботулизм қауіпін арттырады. Сонымен қатар үй жағдайында дайындалған балық, шұжық сияқты өнімдерді ұзақ уақыт салқындатқышсыз сақтау да қауіпті.

Ерекше назарды балалар тағамына аудару керек. Бір жасқа дейінгі балаларға бал беруге болмайды, себебі оның құрамында ботулизм қоздырғышының споралары болуы мүмкін. Бұл балалар ботулизмінің алдын алудағы маңызды ереже.

Ботулизм белгілері кенеттен пайда болуы мүмкін. Көрудің бұзылуы, ауыздың құрғауы, жұтынуудың қиындауы, әлсіздік байқалса, дереу дәрігерге жүгіну қажет. Өзін-өзі емдеу бұл жағдайда өте қауіпті.

Қорытындылай келе, ботулизмнің алдын алу әр адамның жауапкершілігіне байланысты. Тағамға ұқыпты қарау, тазалық пен қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы бұл қауіпті аурудың алдын алуға толық мүмкіндік бар.

**Г. МҰХАНБЕТОВА,**  
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы